

или на любой стадии судебного разбирательства. Кроме того, подчеркивается необходимость не увеличивать, а постепенно уменьшать количество задач, возложенных на судей, не относящихся к судебному разбирательству, возлагая эти задачи на других лиц или органы. Назрела необходимость создать соответствующие органы, не входящие в судебную систему, в которые могут обращаться стороны для решения исковых требований на незначительные суммы и по вопросам некоторых конкретных сфер права.

Нельзя не учитывать тот фактор, что существование развитой системы органов альтернативного (досудебного) урегулирования конфликтов содействует обеспечению доступности правосудия.

При определении наиболее перспективных форм альтернативного (досудебного) урегулирования конфликтов в Казахстане возможно развитие сети третейских судов; повышение роли нотариата.

1. Приходько И.А. Доступность правосудия в арбитражном и гражданском процессе: основные проблемы. - СПб., 2005. - С. 10.

2. Жилин Г.А. Судебная система России через призму практики Европейского Суда по правам человека // Концепция развития судебной системы и системы добровольного и принудительного исполнения решений Конституционного Суда РФ, судов общей юрисдикции, арбитражных, третейских судов и Европейского Суда по правам человека: Сб. науч. статей. Краснодар – СПб., 2007. - С. 35.

The author of the article the problem of access to justice in civil proceedings.

Given their ways of improving the legislation on access to justice in civil proceedings.

Автором в статье раскрываются проблемы доступности правосудия в гражданском процессе.

Даются свои пути решения совершенствования законодательства по вопросу доступности правосудия в гражданском процессе.

М.И. Турсунқұлов

АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДЕГІ ТАЛАП ӨНДІРІСІНІҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ МӘНІ

Қазіргі кезеңде құқық салаларының жүйесінде нормативтік қырларында үлкен өзгерістер болып жатыр. Отандық құқық саласының барлық жүйесін қамтып отырған мәселе болып табылады. Бұл азаматтық іс жүргізу құқығын да аттап кеткен жоқ.

Азаматтық іс жүргізу құқығы сотпен азаматтық істерді қарау тәртібін анықтайтын құқық саласы болып табылады, яғни азаматтық іс бойынша сот әділдігін жүзеге асыру, сонымен қатар сот қаулыларын күштеп орындату тәртібін қарастырады.

Азаматтық іс жүргізу құқығының пәні болып процессуалдық құқықпен реттелетін азаматтық сот өндірісінің, яғни соттың және басқа да іске қатысушылардың қызметі болып табылады.

Азаматтық іс жүргізу құқығының әдісі: императивті, диспозитивті әдіс. Бұл жерде басқарушылық қатынас мүдделі тұлғаның бостандығымен және тек құқықтармен ұштасып жатады.

Құқық реттеу әдісі 2 түрлі жағдаймен байланысты:

1) Азаматтық іс жүргізуді реттеу бойынша

2) Міндетті және шешуші субъектілері ретінде соттың қатысуы, мемлекет атынан шешім қабылдауы.

Бұл, шешім қажетті жағдайларда күштеп орындауға жатады. Азаматтық іс жүргізу құқығы басқа құқық салаларымен құқықтық қатынаста болады. Ең алдымен ол материалдық құқықпен байланысты, яғни азаматтық құқық, отбасы құқық қатынастардан туындайтын дауларды күштеу арқылы орындау формасы болып табылады. Еңбек міндеттерді орындату егер де аталған құқықтық қатынастар бойынша заңдылықты бұзулар кездессе және олар ерікті түрде орындалмаса.

Азаматтық процессуалдық құқықтың реттеу пәні ретінде соттың және іске қатысушылардың қызметін атасак, азаматтық құқығы субъектілердің жағдайына басқарушылық және бағыныштылық қатынасымен реттелетінін көреміз. Құқық қорғау органдары пәнімен азаматтық іс жүргізу құқығының ара-қатынасы біріншісінде құқық қорғау органының жүйесі және осы органның сот әділдігін жүзеге асыру саласындағы құзыретін оқытады, ал 2-де осы нақты азаматтық іс жүргізудің тәртібі және формасы оқытылады. Азаматтық іс жүргізу құқығымен көптеген қағидатің ұқсастығымен дәлелдеу саласындағы ұқсастықпен, көптеген институттың бірдейлігімен ара-қатынастарын көреміз, сонымен қатар азаматтық және азаматтық процесстер істің жылжып дамуына байланысты бірдей сатылардан өтеді, яғни соттың 1-ші инстанциясында іс қараудан бастап азаматтық іс бойынша шешім шыққанға дейін.[1 с. 151]

Апелляциялық, қадағалау сияқты және тағы басқа қосымша сатылардан да өтуінен көреміз.

Азаматтық істер бойынша сот төрелігін іске асыру барысында сот пен іске қатысушылардың арасында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық нормаларының маңызын, құқықты қорғаудың соттық нысанының басымдылығын, құқық нормаларының оларды практикада қолданумен тығыз байланыстылығын түсінуі, құқықтық көзқарастарды, барлық негізгі іс жүргізушілік құбылыстар: азаматтық іс жүргізу құқығы саласының мәні, процестің соттың қызметі ретінде екендігі, іс жүргізушілік қатынастардың ерекшелігі, іске қатысушы тұлғалар мен соттың құқықтары мен міндеттері, процесс сатылары туралы, яғни азаматтық іс жүргізу құқығы басшылыққа алатын құқықтық ұғымдарды қалыптастыру болып табылады.

«Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы» пәнінің негізгі міндеттері: құқықтың қажетті қайнар көздерімен, бұл құқық саласының концептуалды мәселелерімен таныстыру, маңызды заң актілері мен Қазақстан қатысатын азаматтық сот ісін жүргізуді реттейтін, азаматтық іс жүргізу нормалары бар халықаралық шарттарды меңгеру, әрбір іс жүргізу нормасының мағынасын, оның нақты мазмұнын анық түсіндіру, сот қызметінің қағидатерін білу, азаматтық процеске қатысушылардың құқықтары мен міндеттері туралы, оларға қойылатын құқықтық және адамгершілік талаптар туралы нақты пікірді орнықтыру.

Азаматтық іс жүргізу заңнамасының теориясы мен тәжірибеде қолданылуы азаматтардың арнамысы мен қадір-қасиетін қорғаудың, еңбек қақтығыстарын және басқа дауларды шешудің, моральдық және материалдық зиянды өндірудің, азаматтық-құқықтық қатынастардың барлық субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етудің тиімді құралы болуға бағытталған. Сот актілерінің орындалуы үшін тиімді әрекет етуші жүйе құрылуы керек.

Бұл міндеттерді іске асыру судьялардың, прокурорлардың, адвокаттардың, нотариустардың, заңгерлердің жұмысында біліктілікті талап етеді. Құқықтың нарықтық және демократиялық табиғатын түсінетін, азаматтық қоғам мен мемлекеттің қазіргі құрылымын білетін судьялардың білікті корпусын қалыптастыруға студенттердің Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасы саласында терең білім алуы ықпал етеді.

Азаматтық іс жүргізу құқығының пәні болып:

- азаматтық іс жүргізу заңнамасы дамуының негізгі кезеңдерін, азаматтық іс жүргізу заңнамасын, Қазақстанның құқықтық жүйесінің дамуы тарихын және қазіргі жағдайын көрсететін азаматтық іс жүргізу заңнамасының теориясы мен тәжірибесінің өзекті және басым мәселелерін;

- азаматтық іс жүргізу құқық қатынастары, дәлелдемелердің түсінігі, дәлелдеу процесі, істердің бірінші, апелляциялық сатыдағы соттарда қаралу, қадағалау тәртібімен қайта қаралу және шешімдердің орындалу тәртібін қарастыру.

- процессуалдық мектептер мен бағыттарды білу, азаматтық іс жүргізу құқығының жекелеген мәселелері бойынша ғылыми және өзіндік ұстанымды қалыптастыру.

- азаматтық іс жүргізу құқығының теориялық және тәжірибелік мәселелеріне өз бетінше талдау жасау;

- азаматтық іс жүргізу заңдарының нормаларына талдау жүргізу;

- азаматтық іс жүргізу заңнамасын тәжірибеде өз бетінше қолдану.

Азаматтық іс жүргізу – азаматтық іс жүргізу нормаларымен тәртіптелген азаматтық істердің бір сатыдан басқа біреуіне өте отырып, соңғы мақсаты, міндеті – заңмен қорғалатын мүдде мен құқықты қалпына келтіру болып табылады. Мүдделі тұлға арызбен сотқа жүгіне отырып, өзінің талабын көрсетіп негіздейді, ол арыз, талап-арыз, шағым, ерекше талап өндірісіне арыз болуы мүмкін. Сот оларды тексере отырып, оның қарауына жататынын, жатпайтынын қараса, сот бұл арызда сотта қорғау формасы қажет екенін тапса, бұл істі өз өндірісіне қабылдап, осы сәттен азаматтық іс қозғайды. Сот, мүдделі адамдар, басқа қатысушы тұлғалар (куә, эксперт, аудармашы өкілдер) іс жүргізуде қарауда бірқатар әрекеттер жасайды. (сот мәжілісіне қатысады, түсініктемелер береді, дәлелдемелер тапсырады, т.б.).

а) Азаматтық іс жүргізу құқығы – құқықтың бір саласы ретінде қоғамдық қатынастарды реттейтін өзінің құрамына іс жүргізу нормаларының жүйесінен тұратын сот пен іске қатысушылар арасындағы азаматтық істі сот әділдігімен шешуді айтамыз.

Азаматтық іске қатысушылардың азаматтық іс жүргізу нормаларымен бекітілген азаматтық іс жүргізу құқығы мен міндеттері бар. Мысалы, сот істі қарау және шешу құқығына ие, ол басқа қатысушыларға байланысты биліктік өкілеттікке ие, сонымен қатар ол іске қатысушы тараптар мен басқа қатысушылардың іс жүргізу құқығын қатал сақтау керек.

Азаматтар мен заңды ұйымдар іс жүргізуге қатысуға, өтінімдер беруге, өздерінің талаптарының негіздерін (қолдануға) дәлелдеуге сот шешіміне шағым келтіруге, шешімнің орындалуына қатысуға құқылы. Олар іс жүргізу құқығымен қатар, іс жүргізу міндеттерін алады. Іс жүргізу құқықтарын адал пайдалануға, сот шығындарын төлеуге, сот шақыртуына келуге, дәлелдемелер тапсыруға міндетті.

б) Азаматтық іс жүргізу пәні сот әділеттігін нақты азаматтық істерден тұратын арнайы іс жүргізу формасымен атқару, ал азаматтық іс жүргізудің құқығының пәні – құқықтық сала ретінде азаматтық іс жүргізу, яғни соттар және басқа іске қатысушылардың әрекеттері мен сот актілерін орындайтын органдардың әрекеті болып табылады.

в) Азаматтық іс жүргізу құқығы қоғамдық қатынастарды диспозитивті рұқсат етілген әдіспен реттейді.

Бұл дегеніміз азаматтық істің пайда болуы сотқа емес, мүдделі адамдарға керек екендігі. Сот өзінің инициативасымен азаматтық іс қозғамайды. Сот құжаттарына шағым келтіруде іс жүргізудегі мүдделі тұлғалардың еркі болады.

Азаматтық іс жүргізудің нормалары көбінесе тыйым салатын емес, рұқсат етілетін нормалардан тұрады. Іске қатысушылар тек өздеріне берілген іс жүргізу құқығына ие болады да тек солар бойынша әрекет етеді, құқыққа ие болады.

Заңдылықты, қоғамдық тәртіпті қорғауды, азаматтар мен ұйымдардың саяси, еңбек, тұрғын және басқа да құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, қатал сақтауды қамтамасыз етуде маңызды рольді соттар атқарады. Азаматтық процестегі соттың міндеті азаматтық істерді дұрыс және тез қарау, шешу және іс бойынша заңды, негізді шешім шығару. Соттың қызметін ұйымдастыру, істерді қараудың тәртібі, судьялардың жұмысының жоғарғы мәдени деңгейі заңның барлық талаптарын қатал сақтауға негізделген жағдайда ғана сот төрелігінің басты мақсаттарына қол жеткізуге болады.

Сот өзіне жүктелген міндеттерді заңмен белгіленген процессуалдық нысанды сақтаған жағдайда сәтті жүзеге асырады. Бұл процессуалдық нысан іс бойынша объективтік шындықты шынайы анықтауға және заңды, негізді сот шешімін шығаруға ықпал етеді. Сот ісін жүргізудің әрекет етуші нормаларын бұзу дұрыс емес шешімдерді шығаруға, азаматтар мен заңды тұлғалардың, мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына әкеледі, сондай-ақ, сот төрелігін жүзеге асыру зиян келтіреді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы 13 бап 1 тармағында көрсетілгендей «Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы» делінген. Яғни бұл жердегі «құқық субъектісі» санаты азаматтардың құқық қабілеттігі мен әрекет қабілеттілік ұғымын құрайды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 13 бабында азаматтық құқығы мен міндеттілік жүктеу қабілеті болудың барлық азаматтар үшін бірдей дәрежеде танылатындығы белгіленген. Азаматтық құқық қабілеті ол туған сәттен бастап болады және ол қайтыс болуымен тоқтатылады.

Азамат Қазақстан Республикасы шегінде де, сондай-ақ шет елдерде де мүлікке, оның ішінде шет ел валютасына меншік құқығына; мүлікті мұралыққа алу және мұралыққа беруге; республика аумағында еркін жүру және тұратын орнын еркін таңдауға; республика шегін еркін тастап шығу және оның аумағына еркін қайта оралуға; заң актілерімен тыйым салынбаған кез келген қызметпен айналысуға, заңды тұлғаны жеке немесе басқа азаматтармен және заңды тұлғалармен бірлесе құруға; заң актілерімен тыйым салынбаған кез келген мәміле жасауға және міндеттемелерге қатысуға; материалдық және моральдық зардаптардың орны толтыруын талап етуге; басқа да мүліктік және жеке құқықтарды иеленуге құқылы. [2 97б.]

Азаматтың өз іс-әрекеттерімен азаматтық құқықты иелену және оны жүзеге асыру өз үшін азаматтық міндеттерді туғызу, оларды орындау оның кәмелеттік жасқа келуімен, яғни жасының он сегізге толуымен толық көлемінде туады. Азаматтың әрекет қабілеттігі бірдей болады.

Азаматтардың құқық қабілеттігі мен әрекет қабілеттігінен айыру мен оны шектеуге жол берілмейді. Және оларға шектеу қоя алмайды.

Азаматтық құқықтарды қорғаудың тәсілдері: құқықтарды тану; құқық бұзылғанға дейінгі жағдайды қалпына келтіру; құқықты бұзатын немесе оның бұзылуына қауіп төндіретін іс-әрекеттердің жолын кесу; міндеттіліктің іс жүзінде орындалуына үкім ету; шығындарды, айыптарды өтеу; мәмілелерді заңсыз деп тану; моральдық зардаптардың орнын толтыру; құқықтық қатынастарды тоқтату немесе өзгерту; мемлекеттік басқару немесе жергілікті өкілді не атқарушы органдардың заңдарға сәйкес келмейтін актілерін заңсыз немесе қолдануға жатпайды деп тану; азаматтың немесе заңды тұлғаның құқық иеленуіне немесе оны жүзеге асыруына кедергі келтіргені үшін мемлекеттік органнан немесе лауазымды адамнан айып өндірту жолымен, сондай-ақ заң актілерімен көзделген өзге де тәсілдермен сот немесе аралық сот жүзеге асырады.

Заң актілерімен арнайы көзделген реттерде азаматтық құқықтарды қорғау құқығы бұзылған жеке немесе заңды тұлғалардың тікелей өздері арқылы жүзеге асырылады. Құқық бұзылған адам оған келтірілген зиянның толық өтелуін талап ете алады.

Әрбір адам бұзылған немесе даулы конституциялық құқықтарын, бостандықтарын немесе заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінуге құқылы. Мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар немесе азаматтар заңда көзделген жағдайларда өзге адамдардың немесе адамдардың белгісіз бір тобының құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау туралы сотқа арыз беріп жүгінуге құқылы.

Азаматтар мен заңды тұлғаның сот арқылы қорғану құқығы екі құқықтан тұрады: сот арқылы қорғану үшін сотқа шағымданудың процессуалдық құқығы, демек азаматтық істі қарау және іс қозғау міндетін сотқа тапсыру, екіншісі, заңды және негізгі талабын сот арқылы қанағаттандыру үшін материалдық құқық.

Мүдделі тұлға сотқа арызбен жүгіне отырып өзінің талабын көрсетіп негіздейді.

Талап өндірісі құқық қорғаудың ең негізгі түрі, ал талап арыз өндірістің осы түрін қозғаудың құралы болып табылады.

Талап өндірісінің ерекше белгілері – құқық жөніндегі дау және құқық жөнінде дауласып отырған тараптар.

Тараптар дауды өзара шеше алмай, талапкер мен жауапкердің арасында дау туындаған кезде және олар оны заңмен бекітілген тәртіпте жазбаша түрде соттың қарауына тапсырған кезде ғана талап ісі пайда болады. Осы кезден бастап материалды құқық талап арызына айналады. Сотқа берілген кез келген арызда жауапкерге, яғни құқығын бұзған нақты адамға, талап қойылу керек.

Талап арыз арқылы азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіреді, материалдық, моральдық зиянды өтетіреді.

Судья азаматтық іс бойынша талап арызды қабылдау туралы мәселені жеке өзі шешеді. Егер де судья арызды қабылдамаса дәлелді ұйғарым шығарады.

Прокурор азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау туралы сотқа талап қоюға, өтініш жасауға құқылы. Азаматтарын және заңды мүдделерін қорғау туралы, егер адам дәлелді себептермен өзі сотқа жүгіне алмаса, тек мүдделі адамның өтінішімен ғана прокурор талап қоя алады. Әрекетке қабілетсіз азаматтың мүддесін қорғау үшін прокурор мүдделі адамның өтінішіне қарамастан талап қоя алады. [3]

Талап қоюшы прокурор мәлімдеген талапты қолдамаса, егер үшінші тұлғалардың құқықтары, бостандықтары және заңды мүдделері қозғалмаса, онда сот талап қоюды қараусыз қалдырады.

Талап қоюшы прокурор, бітімгершілік келісім жасау құқығынан басқа, талап қоюшының барлық іс жүргізу құқықтарын пайдаланады, сондай-ақ барлық іс жүргізу міндеттерін мойнына алады. Прокурордың басқа тұлғаның мүдделерін қорғау үшін талап қоюдан бас тартуы ал тұлғаны істің мәнісі бойынша қарауды талап ету құқығынан айырмайды.

Мемлекеттік органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар немесе жекелеген азаматтар олардың өтінуімен басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін, сол сияқты қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін талап қойып сотқа жүгіне алады. Әрекетке қабілетсіз азаматтың мүддесіне қорғау үшін мүдделі адамның өтінішіне қарамастан талап қойылуы мүмкін.

Бөгде мүдделерді қорғау үшін талап қойған адамдар, бітімгершілік келісім жасау құқығынан басқа, талап қоюшының барлық іс жүргізу құқықтарын пайдаланады және барлық іс жүргізу міндеттерін мойнына алады. Аталған органдар мен адамдардың талап қоюдан бас тартуы мүдделеріне сай іс қозғалған адамды істі мәні бойынша қарауды талап ету құқығынан айырмайды. Егер мүдделеріне сай іс қозғалған адам мәлімдеген талапты қолдамаса, үшінші тұлғалардың құқықтарына қысым жасалмаса, сот талап арызды қараусыз қалдырады.

Талап қою өндірісінің басым көпшілігі азаматтық істер болып табылады. Сондықтан азаматтық сот өндірісінің ережелері ұқсас болып келеді.

1. Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан: В двух томах. Т. 1 Общая часть Учебник. – Алматы: КазГЮА, 2001. 321 с.

2. ҚР Азаматтық кодексі, Алматы, 1999. 267 б.

3. «ҚР Прокуратурасы туралы» заңдық күші бар ҚР Президентінің Жарлығы 21.12.1995. // Егемен Қазақстан, желтоқсан 1995.

In this article essence and maintenance of lawsuit production are examined in civil procedure of Republic of Kazakhstan.

В данной статье рассматривается суть и содержание искового производства в гражданском процессе Республики Казахстан.